Исатай ауданында бейбіт жиналыстарды өткізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 330-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қазанда № 4745 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 102-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 30.07.2024 № 102-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы заңының 8-бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Исатай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормасы, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары айқындалсын.

2. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 10-VI "Исатай ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындарын белгілеу және тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3474 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Исатай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне (М. Насихановқа) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы *А. Рахметов*

Мәслихат хатшысы *Н. Муханбеталиев*

Исатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйегі № 330-VI шешіміне қосымша

Исатай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары

1. Исатай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және олардың шекті толу нормалары:

№ р/с	Арнайы орындар	Арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету	Шекті толу нормасы
1	Егемен Қазақстан көшесіндегі "Бәйтерек" алаңы	1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүкте; 3) 30 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу);	200 адамнан астам емес
2	Жазғы стадионнан Егемен Қазақстан көшесі бойымен "Бәйтерек" алаңына дейін	1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүкте; 3) 40 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу);	200 адамнан астам емес

2. Исатай ауданы әкімдігінің өкілі хабарламаны (пикеттеу, жиналыс және митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) немесе өтінішті (демонстрация және шеру нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) оң қараған кезде бейбіт жиналысты ұйымдастырушымен бірлесіп, іс-шараны өткізу тәртібін келісу үшін бір күн ішінде арнайы өткізу орнына келесідей сұрақтармен барады:

1) бейбіт жиналыстарды өткізу орнының материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуімен танысу;

2) шеру және демонстрация маршрутымен танысу үшін.

3. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар және оның қатысушылары Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы " Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

4. Заңның 9-бабының 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 150 метр арақашықтық шекарамен айқындалсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК